

**Мұнайдан болатын ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 17 шілдедегі N 251-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1956.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Келісілген"

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар  
және қоршаған ортаны қорғау министрі  
2002 жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

"Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қамқорымен қабылданған халықаралық конвенцияларға және ИМО туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 наурыздағы N 244 қаулысының 3-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасындағы кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мұнайдан болатын ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (М.Т.Бейсембаев) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келіссін және мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі Қ.Қ.Жақұповқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

## **Мұнайдан болатын ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидалары**

**Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Мұнайдан болатын ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары) түзетулер енгізілген 1969 жылғы Мұнаймен ластанудан келтірілген зияны үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенцияға (бұдан әрі – Конвенция) және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.03.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Ереже, 2000 тоннадан артық мұнайды құйып тасымалдайтын осы кеме иесінің мұнаймен ластанудан болатын залал үшін жауапкершілігі Конвенцияның VII бабына сәйкес сақтандырылғандығын немесе өзге тәсілмен қамтамасыз етілгендігін куәландыратын, осы Ереженің қосымшасына сәйкес Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті (бұдан әрі - Куәлік) беру тәртібін реттейді.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) кеме - іс-жүзінде мұнайды жүк ретінде құйып тасымалдайтын кез келген теңіз кемесі және кез келген үлгідегі жүзбелі құрал;

2) тұлға - әрбір жеке тұлға немесе мемлекетті немесе оның кез келген құрамды бөліктерін қоса алғанда, жария немесе жеке құқықтың кез келген заңды тұлғасы;

3) кеме иесі - кеме иемденушісі ретінде тіркелген тұлға немесе тұлғалар, ал тіркеу болмаған жағдайда кеме олардың меншігі болып табылатын тұлға немесе тұлғалар. Алайда, кеме мемлекетке тиесілі болған және осы мемлекетте кеме операторы ретінде тіркелген компания пайдаланған жағдайда кеме иесі осындай компанияны білдіреді;

4) кеме тіркелген мемлекет - тіркелген кемелерге қатысты - кеме тіркелген мемлекет, ал тіркелмеген кемелерге қатысты - кеме туын көтеріп жүзіп жүрген мемлекет;

5) мұнай - олардың кеменің бортында жүк ретінде немесе осындай кеменің отын танкерлерінде тасымалданғанына қарамастан кез келген тұрақты мұнай, соның ішінде шикі мұнай, мазут, ауыр дизель отыны, жағар май және кит майы;

6) ластанудан болатын залал - мұнайдың ағуы немесе төгілуі қай жерде болса да, мұндай ағу немесе төгілу салдарынан болған кеме сыртындағы ластанудан келтірілген шығындар немесе залалдар және алдын алу шараларының құнынан және бұдан басқа алдын алу шараларымен келтірген шығындар мен залалдардан тұрады;

7) алдын алу шаралары - соқтығыс болғаннан кейін, ластанудан келетін залалды болғызбау немесе азайту үшін кез келген тұлға қолданған кез келген орынды шаралар;

8) соқтығыс - нәтижесі ластанудан болған залалдар болып табылатын, біртекті кез келген оқиға немесе бірқатар оқиғалар.

#### 4. Конвенция талаптарына сәйкес Куәлік:

1) мемлекетке тиесілілігі мен кеменің тіркелу орнына қарамастан Қазақстан Республикасының портына кіретін және одан шығатын не Қазақстан Республикасының аумақтық суларында порттан тыс орналасқан терминалға келетін немесе мұндай терминалдан кететін кемелерде;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген кемелерде, сондай-ақ олар басқа мемлекеттің портына немесе басқа мемлекеттің аумақтық суларында тұрған терминалына барған жағдайларда болуы тиіс.

Қандай да бір мемлекетке тиесілі немесе қандай да бір мемлекет пайдаланатын әскери кемелерге және басқа кемелерге, егер осы кемелер қазіргі кезде тек қана үкіметтік коммерциялық емес қызмет үшін пайдаланылатын болса, осы Ереже қолданылмайды.

#### 5. Тиісті Куәлік болып:

1) Қазақстан Республикасында тіркелген кемелер үшін - кеме тіркеген теңіз портының капитаны берген Куәлік;

2) Конвенцияға қатысушылар болып табылатын мемлекеттерде тіркелген шетелдік кемелер үшін - Конвенцияның VII бабына сәйкес кеме тіркелген мемлекеттің тиісті органы берген немесе куәландырған Куәлік;

3) Конвенцияға қатысушылар болып табылмайтын басқа мемлекеттерде тіркелген шетелдік кемелер үшін - Конвенцияға қатысушы болып табылатын кез келген мемлекеттің кеме тіркелген тиісті органы берген немесе куәландырған Куәлік.

6. Куәліктің түпнұсқасы кеменің бортында болуы тиіс. Куәліктің көшірмесі оны берген теңіз портының капитанында сақталады.

7. Кемеге, егер оның осы Ереженің 5-тармағының талаптарына сәйкес келетін тиісті Куәлігі болмаса, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының теңіз портынан кетуге рұқсат етілмейді.

8. Сақтандыру немесе ұсынылған өзге де қаржымен қамтамасыз ету, мысалы, банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қоры берген куәлік сияқты, егер олардың қолданылуы Куәлікте көрсетілген сақтандырудың немесе өзге де қаржымен қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі өтуінен өзге себептермен тоқтатылуы мүмкін болса, теңіз портының капитаны Куәліктің күшін жойған немесе осы кезеңде жаңа Куәлік берілген жағдайлардан басқа, осындай тоқтату туралы теңіз портының капитанына хабарлама берілген сәттен бастап үш ай өткенге дейінгі банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қоры берген куәлік сияқты, осы Ереженің талаптарын қанағаттандырмайды.

9. Куәлік мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жасалынады.

10. Куәліктің қолданылуы:

- 1) Куәліктің қолданылу мерзімі өткен;
- 2) кемеңің мақсаты мен үлгісі өзгерген;
- 3) кеме опат болған жағдайда тоқтатылады.

Куәліктің қолданылуы тоқтатылған кезде Куәліктің түпнұсқасы оны берген теңіз портының капитанына қайтарылады.

Куәлік жоғалған, қамтамасыз ету түрі өзгерген жағдайда кеме иесі жазбаша өтініш берген кезден бастап бес жұмыс күн ішінде жаңа куәлік беріледі. Жаңа Куәлік берілген кезде ескі Куәлік оны берген теңіз портының капитанына қайтаруға жатады.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.18 N 153 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

## **2. Қазақстан Республикасында тіркелген кемелерге**

### **Куәлік беру**

11. Куәлік кемеңің иесінің өтініші мен көрсетілген жауапкершілікті сақтандыру полисі немесе басқа да қаржымен қамтамасыз ету негізінде Қазақстан Республикасында тіркелген кемелерге беріледі, мысалы банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қорымен берілген куәлік сияқты.

12. Куәлікті беру туралы өтініш кеме тіркеу (тіркелу) теңіз порты капитанының атына беріледі, онда мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) кемеңің атауы, айырмашылық нөмірі немесе белгілері, кемеңің тіркеу порты;
- 2) Мемлекеттік кеме тізілімі немесе Бербоут-чартер тізілімі бойынша кемеңің тіркеу нөмірі;
- 3) кемеде жүк ретінде тасуға болатын мұнайдың көлемі;

- 4) кеменің меншік иесінің атауы мен мекен-жайы;
- 5) кеме иесі (кеме жалдаушы) және оның мекен-жайы.

Куәлік беру туралы өтінішке кеме иесінің мұнаймен ластанудан болатын залал үшін жауапкершілігі сақтандырылғанын немесе қаржы жағынан өзгеше түрде қамтамасыз етілгенін, мысалы банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қорымен берілген куәлік сияқты, куәландыратын нотариалдық құжаттың көшірмесі қоса берілуі тиіс.

13. Куәлікті теңіз порты капитаны оны беру туралы өтінішті алған сәттен бастап бес жұмыс күн ішінде, Мемлекеттік кеме тізілімі немесе Бербоут-чартер тізілімі бойынша деректер мен өтініште көрсетілген кеме туралы мәліметтердің арасында қайшылықтар жоқтығы анықтағаннан кейін береді.

Куәлікте:

1) "қамтамасыз ету түрі" бағанында - сақтандыруы немесе басқа да қаржымен қамтамасыз етуі, мысалы банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қорымен берілген куәлік сияқты;

2) "қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі" бағанында - ол ұсынған полис бойынша немесе өзге де түрмен қаржы жағынан қамтамасыз етілген кеме иесінің жауапкершілігі сақтандырылғанға дейінгі күні көрсетіледі, мысалы банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қорымен берілген куәлік сияқты. Куәлікте Куәліктің қай күнге дейін күшінде болатындығы көрсетілуі тиіс. Бұл күн "қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі" бағанында көрсетілген күнге сәйкес келуі тиіс.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.18 N 153 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

### **3. Конвенцияға қатысушылар болып табылмайтын мемлекеттерде тіркелген кемелерге Куәлік беру**

14. Конвенцияға қосылмаған мемлекеттерде тіркелген шетелдік кемелер осы Ереженің 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларда Куәлікті теңіз порты капитанынан алуы тиіс.

15. Куәлікті беру туралы өтініш теңіз порты капитанының атына беріледі, онда мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) кеменің атауы, айырмашылық нөмірі немесе белгілері, кемені тіркеу порты;
- 2) кемеге көтеріп жүзу құқығын берген туы;
- 3) кемеде жүк ретінде тасуға болатын мұнайдың көлемі;
- 4) кеменің меншік иесінің атауы мен мекен-жайы.

Куәлік беру туралы өтінішке кеме иесінің мұнайдан ластанудан болатын залал үшін жауапкершілігі сақтандырылғанын немесе қаржы жағынан өзгеше түрде қамтамасыз етілгенін куәландыратын құжат қоса берілуі тиіс. Мұндай құжаттар сақтандыру

компаниясының сақтандыру полисі, банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қорымен берілген куәлік болуы мүмкін.

16. Куәлікті теңіз портының капитаны оны беру туралы өтінішті алған сәттен бастап бес жұмыс күн ішінде береді.

Куәлікте:

1) "қамтамасыз ету түрі" бағанында - сақтандыруы немесе басқа да қаржымен қамтамасыз етуі, мысалы банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қорымен берілген куәлік сияқты;

2) "қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі" бағанында - ол ұсынған полис бойынша немесе өзге де түрмен қаржы жағынан қамтамасыз етілген кеме иесінің жауапкершілігі сақтандырылғанға дейінгі күні көрсетіледі, мысалы банк кепілдігі немесе халықаралық өтем қорымен берілген куәлік сияқты.

Куәлікте Куәліктің қай күнге дейін күшінде болатындығы көрсетілуі тиіс. Бұл күн "қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі" бағанында көрсетілген күнге сәйкес келуі тиіс.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.18 N 153 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

#### **4. Куәлікті беруден бас тарту тәртібі**

17. Қазақстан Республикасында тіркелген кемелерге ұсынылған құжаттардың осы Ереженің 12-тармағының талаптарына сай келмеген жағдайларда Куәліктер беруден бас тартылады.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.18 N 153 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

18. Конвенцияға қатысушылар болып табылмайтын басқа мемлекеттерде тіркелген кемелерге ұсынылған құжаттар осы Ереженің 15-тармағының талаптарына сай келмеген жағдайларда Куәліктер беруден бас тартылады.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.18 N 153 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникациялар  
министрінің  
2002 жылғы 17 шілдедегі N 251-І  
бұйрығымен бекітілген  
Мұнаймен ластанудан болатын залал  
үшін  
азаматтық жауапкершілікті сақтандыру

Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін  
азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де  
қаржымен қамтамасыз ету туралы  
КУӘЛІК

(РҚАО-ның ескертуі: Куәліктің мәтіні үш тілде -  
мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде,  
қағаз мәтіндегі нұсқаны қараңыз) \_\_\_\_\_

Кемеңіз атауы Айырмашылық Тіркеу порты Кемеңіз меншік иесінің атауы  
нөмірі немесе мен мекен-жайы  
белгілері

Осымен жоғарыда аталған кеме, 1969 жылғы Мұнаймен ластанудан болатын залал  
үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру туралы халықаралық конвенцияның III  
бабының талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру полисінің немесе өзге де  
қаржымен қамтамасыз етудің бар екенін куәлендіреді.

Қамтамасыз ету түрі \_\_\_\_\_

Қамтамасыз етудің қолданылатын мерзімі \_\_\_\_\_

Сақтандырушының (сақтандырушылардың) және/немесе қаржымен қамтамасыз  
етуді ұсынған тұлғаның (тұлғалардың) атауы және мекен-жайы:

Атауы \_\_\_\_\_

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Осы куәлік \_\_\_\_\_ қолданылады

Берілген \_\_\_\_\_

(Орын) (Уақыт)

\_\_\_\_\_  
(Теңіз портының капитаны)